



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
2026 жылғы «30» _____ бекітілген
хаттама



**КЕДЕН ІСІ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ЗАҢДЫ
ТҮЛҒАНЫҢ (кеден өкілі/кедендік тасымалдаушы) МІНДЕТІН ОРЫНДАУДЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТТАРЫ ҮШІН АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЖҮКТЕЛГЕН САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**



МАЗМҰНЫ

1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР МЕН ҰҒЫМДАР	3
2-БАП. САҚТАНУШЫ. САҚТАНДЫРЫЛУШЫ. ПАЙДА АЛУШЫ	3
3-БАП. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ	4
4-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ	4
5-БАП. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ МЕН САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ	4
6-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ РЕСІМДЕУ ТӘРТІБІ	4
7-БАП. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	5
8-БАП. САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ	7
9-БАП. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІН ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІН АЙҚЫНДАУ	8
10-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫНА ЖАУАПТЫ ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ	9
11-БАП. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ	10
12-БАП. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШТІҢ МӘН-ЖАЙЛАРЫ....	10
13-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ	11
14-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ШАРТТАРЫН ӨЗГЕРТУ	11
15-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БҰЗУ	11
16-БАП. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	12
17-БАП. ҚОСЫМША ШАРТТАР	12



1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР МЕН ҰҒЫМДАР

1.1. Осы «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның (кеден өкілі/кедендік тасымалдаушы) міндеттерін орындауды қамтамасыз ету мақсаты үшін жүктелген сақтандыру ережелері (бұдан әрі – Ережелер/Сақтандыру ережелері) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі - Азаматтық кодекс), Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Кодексіне (бұдан әрі - Кеден кодексі) сәйкес әзірленген.

1.2. Осы Сақтандыру ережелерінің шарттарында «Евразия» СК» АҚ, бұдан әрі Сақтандырушы деп аталады, кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның (кеден өкілі/кеден тасымалдаушысы) міндетін орындауды қамтамасыз ету мақсатында Сақтанушы деп аталатын заңды тұлғалармен жүктелген сақтандыру шарттарын (бұдан әрі - Сақтандыру шарты) жасайды.

1.3. Кедендік операциялар - Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес тұлғалар мен кеден органдары жасайтын іс-әрекеттер.

1.4. Кеден өкілі - кеден өкілдерінің тізіліміне енгізілген, декларанттың немесе өзге де мүдделі тұлғаның атынан және тапсырмасы бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік операцияларды жасайтын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы;

1.5. Кедендік тасымалдаушы - кедендік тасымалдаушылардың тізіліміне енгізілген, Кеден кодексінің 496-бабында айқындалған шарттарға жауап беретін Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы.

1.6. Жиынтық кедендік төлем түрінде алынатын кедендік баждар, салықтар - Кеден кодексінің 84-бабына сәйкес қолданылатын кедендік баждардың, салықтардың мөлшерлемелері бойынша жеке пайдалануға арналған тауарларға қатысты есептелген кедендік баждардың, салықтардың сомасы.

1.7. Кедендік баж - тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізуге байланысты кеден органдары алатын міндетті төлем.

1.8. Кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттерді орындауды қамтамасыз ету - Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша кеден органы алдындағы міндеттерді орындау кепілдігінің тәсілі.

1.9. Кедендік төлемдер - Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізуге байланысты осы Кодекске сәйкес бюджетке төленуге жататын кедендік алымдар, кедендік баждар

1.10. Кедендік құжаттар - кедендік декларация және кедендік операцияларды жасау және кедендік бақылауды жүргізу үшін ғана, сондай-ақ кедендік операцияларды жасау және кедендік бақылауды жүргізу барысында және нәтижелері бойынша жасалатын өзге де құжаттар.

1.11. Осы Ережелер Сақтанушылар осы Ережелердің шарттарында жасалған сақтандыру шарттарын жасау, орындау және тоқтату тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2-БАП. САҚТАНУШЫ. САҚТАНДЫРЫЛУШЫ. ПАЙДА АЛУШЫ

2.1. Сақтанушы - Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға (кеден өкілі/кедендік тасымалдаушы) (кепілгер, төлеуші немесе Кеден кодексінің 96-бабының 3-тармағында көрсетілген тұлғалар).

2.2. Сақтанушы Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде қайта ұйымдастырылған кезде оның осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған тәртіппен тиісті құқықтық мирасқорға ауысады.

2.3. Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылушы болып табылады.



2.4. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті» Мемлекеттік кірістер департаменті республикалық мемлекеттік мекемесі Сақтандыру шарты бойынша пайда алушы болып табылады.

3-БАП. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

3.1. Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның міндеттерін орындауды қамтамасыз ету мақсаттары үшін аталған тұлғаның кедендік баждарды, салықтарды, арнайы демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндетін орындауға байланысты мүліктік мүддесі сақтандыру объектісі болып табылады, немесе ол кедендік баждарды, салықтарды, арнайы демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу бойынша ортақ жауапкершілікте болады.

4-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

4.1. Осы Ережеге сәйкес сақтандыру жағдайы кеден ісі саласындағы қызметті осындай тұлға жасаған кезде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы демпингке қарсы, өтемақы баждарын, пайыздарды төлеу жөніндегі міндеттерді Кеден кодексінде белгіленген мерзімде орындамау немесе тиісінше орындамау фактісі, не Сақтанушы Сақтандыру шартында көрсетілген кеден ісі саласындағы қызметті жасаған кезде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы демпингке қарсы, өтемақы баждарын, пайыздарды төлеу жөніндегі ортақ міндеттемені Кеден кодексінде белгіленген мерзімде орындамау немесе тиісінше орындамау фактісі болып табылады.

4.2. Сақтандыру жағдайын қасақана жасау, сондай-ақ сақтандыру төлемін заңсыз алуға бағытталған өзге де алаяқтық әрекеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

5-БАП. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ МЕН САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

5.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы Кодекстің 489-бабы 2-тармағының немесе 496-бабы 2-тармақшасының ережелері ескеріле отырып, Кодекстің 104 және 139-баптарына сәйкес Сақтанушы жасайтын кедендік операцияларды негізге ала отырып есептеледі және Сақтандыру шартында көрсетілген мөлшерде, Кеден кодексінің 97-бабы 4-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттерді орындауды қамтамасыз етудің өзге тәсілімен қамтамасыз етілген соманы шегере отырып, белгіленген.

5.2. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, сондай-ақ оны төлеу мерзімінің тәртібі Сақтандыру шартында белгіленеді.

5.3. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы Сақтандырушының кассасына ақша салу жолымен қолма-қол төлеммен не Сақтандыру шартында көрсетілген Сақтандырушының банк шотына ақша аудару жолымен қолма-қол ақшасыз төлеммен Сақтанушының төлеуіне жатады.

6-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ РЕСІМДЕУ ТӘРТІБІ

6.1. Сақтандыру шарты Сақтанушының қалауы бойынша тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынған кезде Сақтандырушыға жазбаша өтініш жасау жолымен, Сақтандырушының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес, не Сақтандырушының Интернет-ресурсын және/немесе Сақтандырушының серіктесінің Интернет-ресурсын пайдалана отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық нысанда ақпарат алмасу, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті талаптарды сақтай отырып, жасалуы мүмкін.



6.2. Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушының сұрау салуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушыны/Сақтандырылушыны тиісінше тексеруді жүргізу үшін қажетті өзге де ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ Сақтандырушыға Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) белгілі, сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның салдарынан болуы мүмкін залалдардың мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін елеулі мәні бар мән-жайларды хабарлауға міндетті.

6.3. Мынадай мән-жайлар елеулі деп танылады::

- 1) Сақтанушының/Сақтандырылушының атауы және орналасқан жері;
- 2) сақтандыру объектісін көрсету;
- 3) сақтандыру жағдайын көрсету;
- 4) сақтандыру сомасын, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдерін көрсету;
- 5) сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін, оны төлеу тәртібі мен мерзімдерін;
- 6) Сақтандыру шартының жасалған күні және қолданылу мерзімі;
- 7) Сақтандырылушы және Пайда алушы туралы мәліметтерді көрсету.

6.4. Өтініш-сауалнама Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Өтініш-сауалнаманың форматы Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес жасалған.

6.5. Сақтандыру шартына қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады және егер олар жазбаша нысанда жасалса және екі Тарап та қол қойған жағдайда ғана заңды күші болады.

6.6. Егер Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына жауаптары болмаған кезде Сақтандыру шарты жасалған немесе Сақтанушы/Сақтандырылушы Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, соңғысы кейіннен Сақтанушының (Сақтандырылушының) тиісті мән-жайларды хабарламауы негізінде Сақтандыру шартын бұзуды не оны жарамсыз деп тануды талап ете алады, сол сияқты Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

6.7. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін үшінші тарапқа беруге құқылы емес.

6.8. Тараптар Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын, оның ішінде қажетті құжаттарды, мәліметтерді, растауларды ұсыну арқылы орындайды.

6.9. Сақтандырушы бас тарту себептерін түсіндірмей Сақтанушымен Сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

7-БАП. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан осы Сақтандыру шарты бойынша Сақтандыру қағидаларын, сақтандыру шарттарын, өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді алуға;
- 2) Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда, оның телнұсқасын алуға;

7.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру шартын жасаған кезде, Сақтандырушыға қажетті мәліметтерді және ұсынылған мәліметтерді растайтын құжаттардың ұсынуға;
- 2) Сақтандыру шартын жасаған кезде, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалауда елеулі маңызы бар барлық әйгілі мән-жайлар туралы хабардар етуге;
- 3) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйақысын төлеуге;
- 4) Сақтандыру шартын жасасу және қолданылу кезеңінде Пайда алушының пайдасына әрекет ететін немесе жасалынатын барлық сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 5) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабардар етуге;
- 6) сақтандыру жағдайының басталған мән-жайларының тергеуін қамтамасыз етуге;



- 7) сақтандыру жағдайының себептерін, барысын және салдарын анықтау шараларын, сондай-ақ сақтандыру жағдайынан туындаған шығындарды азайту шараларын қабылдауға;
- 8) сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы бойынша қолда бар ақпаратты хабарлауға және қажетті көмек көрсетуге;
- 9) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты өзге тұлғаға талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
- 10) Сақтандырушыға оның соңғының талабы бойынша Сақтанушы сотқа дейін немесе сот тәртібінде үшінші тұлғалармен дауларды реттеу кезіндегі өкілеттігін ұсынуға
- 11) сақтандыру жағдайының немесе салдары сақтандыру жағдайының кез келген қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) туындауына алып келуі мүмкін оқиғаның басталғаны туралы дереу, 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Ауызша нысандағы хабарлама кейінірек жиырма төрт сағаттың ішінде жазбаша расталуы қажет. Мұндай хабарламада мынадай ақпараттар: сақтандыру жағдайының басталуына алып келген әрекеттердің сипаты мен себептері, ықтимал зақымдану мөлшері, осы оқиғаға тартылған барлық адамдардың аты, байланыс деректері және мекен-жайы неғұрлым толық көлемде болуы қажет. Егер Сақтанушы көрсетілген әрекеттерді дәлелді себептерге байланысты орындай алмаса, ол мұны құжаттамалық растауы керек;
- 12) егер сақтандыру жағдайы осы Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың салдарынан басталған жағдайда, оның жүзеге асырылуы күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға оның жүзеге асырған сақтандыру төлемін толық көлемде өтеуге міндетті. Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға байланысты сақтандыру төлемінің сомасын және шығыстарды уақтылы өтемеген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға әрбір кешіктірілген күн үшін өтелуге жататын сомадан 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыз мөлшерінде (жазбаша түрде) тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті;
- 13) сақтандыру жағдайы басталған кезде 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Ережелердің 9.4-тармағында көрсетілген құжаттарды Сақтандырушыға табыс етуге;
- 14) Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған кез келген өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелін арттыруға елеулі ықпал жасайтындай болса, Сақтандырушыға дереу 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға (Азаматтық кодекстің 834-бабының 1-тармағы);
- 15) Сақтанушының кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу бөлігінде камералдық және (немесе) өзге де тексерудің басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

7.3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушы ұсынған мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының осы Сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;
- 2) сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай, оның ішінде Пайда алушыдан Сақтандырушы орындаған талап бойынша кез келген үшінші тұлғалардан тиісті өтем алу фактін растайтын құжаттарды сұратуға және кедергісіз алуға, сондай-ақ Пайда алушы тиісті өтемді алу фактісін растаған жағдайда жүзеге асырылған сақтандыру төлемін қайтару туралы жазбаша өтінішпен Пайда алушыға жүгінуге;
- 3) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын анықтау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтер, және ықтимал залалдың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшері мен сақтандыру тәуекелінің бағасын алуға;
- 4) осы Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйақысын алуға;
- 5) сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарлама мен оның құжаттамалық дәлелдерін алуға;



6) сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін осы Сақтандыру шартының 10.1-тармағында көрсетілген жағдайларда Сақтандырушыға, не сақтандыру жағдайы басталғаны үшін жауапты өзге тұлғаға регресті талап қоюға;

7) сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін тиісті мемлекеттік органдардан және ұйымдардан, олардың құзыретіне қарай, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Пайда алушыға келтірілген залал мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

8) сотқа дейін немесе сот тәртібінде үшінші тұлғалармен дауларды реттеу кезіндегі Сақтанушының өкілеттігін алған кезінде Сақтанушы атынан сот органдарында сөз сөйлеуге;

9) осы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйақысын төлеуді талап етуге;

10) сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтанушыға қойылатын талап ету мөлшерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте даулауға құқылы.

7.4. Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтанушыны осы Сақтандыру ережелерімен, сақтандыру шарттарымен, оның Сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерімен таныстыруға;

2) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтінішін уақытылы қабылдауға;

3) Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;

4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

5) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін Сақтанушыға жұмсалған шығыстарды өтеуге.

7.5. Пайда алушы құқылы:

1) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;

2) Сақтандырушы кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу бойынша берешекке алып келген кедендік баждарды, салықтарды, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу туралы талаптарды орындамаған жағдайда, Сақтандырушыны Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне сәйкес жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылдауға.

7.6. Пайда алушы Сақтанушы кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу бойынша міндеттерін орындамаған жағдайда, кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға кедендік баждардың, салықтардың, өсімпұлдардың, пайыздардың тиесілі сомасын төлеу туралы талапты жолдауға міндетті.

7.7. Сақтанушының, Сақтандырушының және Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңдарында, осы Сақтандыру ережелерінде және Сақтандыру шартында көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

8-БАП. САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС- ӘРЕКЕТТЕРІ

8.1. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оларға келтірілген шығындарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

8.2. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оған зиянды өтеу туралы наразылық білдіруге себеп болуы мүмкін оқиға басталған кезде Сақтанушы міндетті:

1) талап қою үшін себеп болуы мүмкін оқиғаға байланысты шығындарды азайту үшін қалыптасқан жағдайда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды дереу қабылдауға;

2) тиісті мемлекеттік не ведомстволық органдарда оқиғаны құжаттамалық ресімдеуді қамтамасыз етуге;



3) 2 (екі) жұмыс күні ішінде, өзі білген сағаттан бастап Сақтандырушыға немесе оның өкілетті өкіліне сақтандыру жағдайының белгілері бар және / немесе оған зиянды өтеу туралы талап қоюға себеп болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы жазбаша хабарлауға;

4) онымен одан әрі іс-қимылдарды келісуге, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш беруге.

8.3. Сақтанушы сақтандыру жағдайы бойынша одан әрі барлық ақпаратты хабарлауға және Сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге міндетті.

8.4. Сақтанушы Сақтандырушыға оның сұрау салуы бойынша коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді қоса алғанда, сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді беруге міндетті.

8.5. Сақтанушы Сақтандырушыға (соңғысының талап етуі бойынша) талаптарды сотқа дейінгі және сот тәртібімен реттеу кезінде Сақтанушының өкілеттігін беруге міндетті.

8.6. Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған іс-әрекеттер жасамауға, сондай-ақ Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз қандай да бір міндеттемелер қабылдамауға, жауапкершілікті мойындамауға, қандай да бір ұсыныстар қабылдамауға, төлемдер жасамауға және осы сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеуге міндетті.

8.7. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталуы туралы келісілген мерзімде хабардар етпеу оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.

9-БАП. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІН ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІН АЙҚЫНДАУ

9.1. Сақтандыру жағдайының басталу фактісі және сақтандыру төлемінің мөлшері Пайда алушының төлем деректемелерін көрсете отырып, Пайда алушының жазбаша нысанда жолдаған кедендік баждардың, салықтардың, өсімпұлдардың, пайыздардың тиісті сомаларын төлеу туралы талабының негізінде белгіленеді.

9.2. Сақтандыру төлемі Пайда алушының кедендік баждардың, салықтардың, өсімпұлдардың, пайыздардың тиесілі сомасын төлеу туралы талабында көрсетілген деректемелерге сәйкес Қазақстан Республикасының бюджетінде Сақтандырушының осындай талапты алған күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

9.3. Кодекстің 94-бабы 13-тармағына сәйкес бюджетке кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу күні сақтандыру төлемін жүзеге асыру күні болып саналады.

9.4. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде, Сақтандырушыға мынадай құжаттарды табыс етуге міндетті:

1) сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтініш;

2) Сақтандыру шартының көшірмесі;

3) сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын мемлекеттік органдардың және ұйымдардың құжаттары;

4) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарламаның және бизнес-сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтерді қамтитын оның қабылданғаны туралы талонның көшірмесі;

5) Сақтанушының шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар;

6) сатып алу-сату шартының (келісімшартының) көшірмесі;

7) шот-фактураның (инвойстың) көшірмесі (бар болса);

8) транзиттік декларацияның немесе кеден органының тіркеу туралы белгісі бар кедендік операцияларды жүзеге асыруды растайтын өзге де құжаттардың көшірмесі.

9.5. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы құжаттардың толық тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып, 2 (екі) данада анықтама жасауға міндетті. Анықтаманың бір



данасы Сақтанушыға беріледі, Сақтанушының оны алғаны туралы белгісі бар екінші данасы Сақтандырушыда қалады.

9.6. Сақтанушы не оның өкілі осы Ережелердің 9.4-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбаған немесе толық ұсынбаған жағдайда Сақтандырушы тез арада, бірақ 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтанушыны жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етеді.

9.7. Сақтандыру төлемі Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүзеге асырылады және одан аспауға тиіс.

9.8. Егер сақтандыру жағдайы Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде болса, сақтандыру төлемі жүргізіледі.

9.9. Сақтанушы кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттерді орындамаған жағдайда, Пайда алушы Сақтандырушыға кедендік баждардың, салықтардың, өсімпұлдардың, пайыздардың тиесілі сомаларын төлеу туралы талабын кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттемесін орындау мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жолдайды. Бұл ретте кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндетті орындау мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап өсімпұлдар есепке жазылады.

9.10. Пайда алушының кедендік баждардың, салықтардың, өсімпұлдардың, пайыздардың тиесілі сомаларын төлеу туралы талабы осындай талап алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Сақтандырушының бұлжытпай және міндетті орындауына жатады. Сақтандырушы көрсетілген талапты орындамаған немесе орындау мерзімін бұзған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікте болады.

10-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫНА ЖАУАПТЫ ТҮЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

10.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушы мынадай:

- 1) Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандыру жағдайының туындауына не оның басталуына ықпал етуге бағытталған оның қасақана әрекеттерінің салдары басталған;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайына себепті байланысы бар қасақана жасалған қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған Сақтанушының әрекеттері жасалған;
- 3) сақтанушының сақтандыру жағдайы кезінде шығынды азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамаған;
- 4) сақтанушының сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдарлары туралы Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлаған;
- 5) Сақтанушының өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша мұндай құжаттары болмаған жағдайларды қоспағанда, Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруіне кедергі келтірген, оның ішінде Сақтандырушыға осы Шарттың 7.4-тармағында көзделген сақтандыру жағдайы туралы толық құжаттар топтамасын ұсынбаған немесе уақтылы ұсынбаған;
- 6) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқықтарынан бас тартқан, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығын беру үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартқан жағдайларда жүзеге асырылатын сақтандыру төлемі шегінде Сақтанушыға кері талап қоюға құқылы.

10.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде Сақтандырушының сақтандыру нәтижесінде Сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы ауысады.

10.3. Сақтанушы Пайда алушы сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған Сақтандырушының өзіне ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.



11-БАП. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ

11.1. Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғадан залалды тиісті өтеуді алуы Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіз болуы мүмкін.

11.2. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады, егер сақтандыру жағдайы мынадай себептердің салдарынан туындаса:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың әсері;
- 2) әскери іс-қимылдар;
- 3) азаматтық соғыстар, түрлі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер.

11.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелерде белгіленген Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздерінен басқа, Сақтандырушы келесі жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға міндетті:

- 1) Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (ЖҚЖҚТҚ) болуы;
- 2) Сақтанушының/Сақтандырылушының тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;
- 3) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚ (қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру) мақсатында жасалады деп пайымдауға негіздер болған кезде.

11.4. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы Пайда алушының кедендік баждардың, салықтардың, өсімпұлдардың, пайыздардың тиесілі сомаларын төлеу туралы талабын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Пайда алушыға бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, сақтандыру төлемінен бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

12-БАП. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШТІҢ МӘН-ЖАЙЛАРЫ

12.1. Тараптар осы Сақтандыру ережелеріне және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Сақтандыру шартының шарттарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

12.2. Егер еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан тиісінше орындау мүмкін болмаса, Сақтандыру шартының тараптары Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

12.3. Өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, дүлей зілзалалар, террористік актілер, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құқықтық актілерінде көзделген тыйым салу шаралары және Тараптар алдын ала болжай алмаған және Сақтандыру шартын орындауға тікелей әсер еткен өзге де осындай жағдайлар еңсерілмейтін күш жағдайлары болып табылады.

12.4. Тараптар Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер олар еңсерілмейтін күштің мынадай мән-жайларының туындауының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады: ядролық жарылыстың, уландырғыш заттардың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың, экологиялық апаттардың, әскери іс-қимылдардың, азаматтық соғыстың, халықтық толқулардың, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің, сондай-ақ дүлей зілзалалардың және Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың орындауына тікелей әсер еткен Сақтандыру шартының талаптарын орындауға кедергі келтіретін мемлекеттік органдар актілерінің Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелері.



12.5. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары тоқтатылғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде оған тартылған Тарап екінші Тарапты еңсерілмейтін күш мән-жайлары тоқтатылғаны туралы жазбаша хабардар етуге және өз міндеттемелерін орындауды қайта бастауға тиіс.

12.6. Тиісінше хабарламау Тарапты Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

12.7. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекеті тиісті құзыретті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құжаттарымен расталуға тиіс.

12.8. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы себебінен Сақтандыру шартын орындаудың мүмкін еместігіне сілтеме жасайтын Тарап бұл туралы екінші Тарапты кез келген ықтимал тәсілдермен оқиға басталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

13-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

13.1. Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болады және Кодекстің 486-бабы 8-тармағының талаптарын ескере отырып, қолданылады.

13.2. Сақтандыру шартының қолданылуы келесі жағдайларда тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- 2) сақтандыру төлемін толық көлемде жүзеге асыру.

13.3. Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.

13.4. Сақтандыру шартының қолданылу орны Қазақстан Республикасының аумағы болып табылады.

14-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ШАРТТАРЫН ӨЗГЕРТУ

14.1. Сақтандыру шартының шарттарын өзгерту Сақтанушы мен Сақтандырушының өзара келісімі бойынша Пайда алушының жазбаша келісімімен, Тараптардың бірінің өтініші негізінде екінші Тараптың өтінішін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Пайда алушының келісімімен қоса жүргізіледі және Тараптардың Сақтандыру шартына қосымша келісімімен ресімделеді.

14.2. Қосымша келісім жасалған сәтке дейін Шарт бұрынғы шарттарда қолданылады.

15-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БҰЗУ

15.1. Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі::

- 1) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;
- 2) Азаматтық кодекстің 841-бабына сәйкес Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
- 3) Сақтандырушының Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде орын алған сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандыру шартында белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруы;
- 4) Пайда алушының Сақтандыру шартын бұзу туралы жазбаша келісімі болған кезде Тараптардың келісімі. Бұзуға бастамашылық жасаған Тарап екінші Тарапты өзінің Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы Пайда алушының жазбаша келісімін қоса бере отырып, бұзу болжанған күнге дейін кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті. Бұл ретте Сақтандыру шартын бұзу күні Пайда алушының жазбаша келісімі күнінен ерте болмауы тиіс.

15.2. Егер Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамаудан не Сақтандырушының Сақтандыру шартын орындауы мүмкін болмаған жағдайда, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын толық қайтаруға міндетті.



15.3. Осы Ережелердің 15.1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін сақтандыру қолданылған уақытқа барабар алуға құқығы бар.

15.4. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтанушының оның талаптарын орындамауынан туындаған жағдайларда төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

15.5. Осы Ереженің 15.1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға қайтаруға жататын сыйақы сомасының 30 (отыз) пайызы мөлшеріндегі әкімшілік шығыстарды шегере отырып, өткен сақтандыру кезеңіне барабар емес сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады.

15.6. Сақтандыру шартының тоқтатылуы Сақтандырушыны Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде болған, кейіннен сақтандыру жағдайлары деп танылған сақтандыру жағдайлары бойынша Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндетінен босатпайды. Сақтандыру төлемін қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайы болған Сақтандыру шартын жасаған Сақтандырушы жүзеге асырады.

16-БАП. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

16.1. Сақтандыру шарты бойынша Тараптар арасында туындайтын барлық даулар келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

16.2. Тараптар келісімге қол жеткізбеген келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

17-БАП. ҚОСЫМША ШАРТТАР

17.1. Осы Ережеде көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

17.2. Тараптар сақтандыру шартын жасау кезінде осы Ережелердің жекелеген ережелерін өзгертуге және/немесе сақтандыру шартының шарттарын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін өзге де ережелермен толықтыруға құқылы.

17.3. Осы Ережелер қазақ және орыс тілдерінде жасалды. Мәтіндер арасында әртүрлі оқылған жағдайда Сақтандыру ережелері мәтінінің орыс тіліндегі нұсқасы басым күшке ие болады.